

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі N 665 қаулысына толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 тамыздағы N 912 қаулысының күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 28 желтоқсан N 1346

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 сәуірдегі N 665 P970665_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 17, 152-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

7-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне Қор акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілсін".

2. "Қазақстан Республикасында Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың

1994-1996 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалар мен шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 тамыздағы N 912

P940912_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 35, 385-құжат) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Орынбекова Д.К.

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК